

"Қазмырыш" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қазандағы N 1046 Қаулысы

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстанның экономикасын дамыту үшін тазартылған мыс өндіру жөніндегі мыс балқытатын және электролиз зауытын салудың аса маңыздылығына орай Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазмырыш" акционерлік қоғамы акцияларының жарғылық капиталының 22,65 (жиырма екі бүтін жүзден алпыс бес) пайызы мөлшеріндегі мемлекеттік пакетін (бұдан әрі - "Қазмырыш" АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті) коммерциялық тендерде мынадай шарттарды міндетті түрде сақтай отырып, сатуды жүзеге асырсын:

Шығыс Қазақстан облысында жылына 70 мың тонна тазартылған мыс өндіретін мыс балқытатын және электролиз зауытын (бұдан әрі - зауыт) салу;

зауыт салу барысында технологиялық жабдықты қоспағанда, жалпы көлемінің кемінде 35 (отыз бес) пайызына қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді с а т ы п а л у д ы ж ү з е г е а с ы р у ;

зауыт іске қосылғанға дейін қазақстандық кадрларды даярлауды қамтамасыз ету;

"Қазмырыш" АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін иелену құқығын сатып алушыға ауыстыра отырып, 2010 жылғы 31 желтоқсанға зауытты іске қосуды қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тендерге қатысушылардың назарына мынадай шартты жеткізсін және алдағы уақытта "Қазмырыш" АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін сатып алу-сату шартында көздесін:

сатып алушы осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тендер шарттарын орындамаған жағдайда акциялардың мемлекеттік пакетін сатып алуға және зауытты салуға байланысты шығындар өтеуге жатпайды.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі